

“Гаухар” бөбекжай - бақшасы



“Моншақтарды тіземіз”

Дайындаған :Берикбаева А

2025-2026 оқу жылы

Анықтама

«Моншақтарды тіземіз» тақырыбында ата-анаға арналған кеңес беру жұмысы жүргізілді. Мақсаты – балалардың ұсақ моторикасын дамыту жолдарын түсіндіру, түстерді ажырату дағдыларын қалыптастыру және ата-аналарға үй жағдайында қолдануға болатын әдіс-тәсілдерді ұсыну.

Кеңес беру барысында ата-анаға моншақтарды тізу арқылы баланың саусақ бұлшықеттері дамып, зейіні мен есте сақтау қабілеті артатыны туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар, бұл іс-әрекет баланы жазуға дайындаудың алғашқы кезеңдерінің бірі екені атап өтілді.

Практикалық ұсыныстар ретінде ата-анаға баламен бірге түрлі-түсті, ірі моншақтарды пайдаланып, қарапайым тізбектер құрастыру, түстерді қайталау және өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру ұсынылды. Баламен жұмыс барысында оны мадақтап, қызығушылығын арттыру қажеттігі түсіндірілді.

Жұмыс нәтижесінде ата-ана баланың дамуына арналған тиімді әдістермен танысып, үйде қолдануға қажетті дағдыларды меңгерді. Бала моншақтарды қызығушылықпен тізіп, түстерді ажыратуға талпынды.

Қорытындылай келе, бұл кеңес беру жұмысы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, баланың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізді.